

Олжабек Мурсали

Абир Қарабайұлы

БЕС НАМАЗДЫ 5 КҮНДЕ ҮЙРЕН

Астана 2026

УДК 28
КБЖ 86.38
М 91



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ ДІН ІСТЕРІ КОМИТЕТІ ТАРАПЫНАН ЖҮРГІЗІЛГЕН
ДІНТАНУ САРАПТАМАСЫНЫҢ ОҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БЕРІЛДІ**

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ДІНИ САРАПТАМА БӨЛІМІНІҢ ОҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БЕРІЛДІ**

Олжабек Мурсали, Абир Қарабайұлы
М 91 **Бес намазды 5 күнде үйрен** - Алматы,
«ALI PRESS» баспасы, Пушкин көшесі, 2.
2025 ж. - 36 бет.

ISBN 978-601-7501-41-9

Намаз – Исламның бес парызының бірі әрі құлшылықтың ең абзалы. Шын ықыласпен оқылған намаз адамды арсыздық пен жамандықтан сақтап, екі дүниенің бақытына жетелейді. Бұл кітапша жеңіл тілмен және қарапайым мысалдар арқылы Имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабы бойынша намаз оқу тәртібін оңай меңгеруге мүмкіндік береді.

Кітап барша намаз оқуды үйренгісі келген мұсылмандарға арналған.


ISBN 978-601-7501-41-9



9 786017 501419

ISBN 978-601-7501-41-9

www.mursali.kz



Барлық мақтау бүкіл әлемнің Иесі – Аллаға тән. Әлемге мейірім ретінде жіберілген ең соңғы Пайғамбар Мұхаммедке Алланың игілігі һәм салауаты болсын!

Алла Тағала Құранда: «Ақиқатында, намаз адамды арсыздықтан әрі жамандықтан тыяды» (Анкабут сүресі, 45-аят) – деп бұйырған. Алла Елшісі ﷺ: «Намаз – діннің тірегі» деген. Сондықтан бес уақыт намазды толық оқып жүрген адамды намазы түрлі жаман іс-әрекеттерден алыстатады, әрі дінінде бекемдік, өмірінде тұрақтылық пайда болады.

Күнімізде «намаз оқу қиын», «оқысам тастап кетемін» деп шайтанның азғыруына еріп жүрген адамдар көп. Сондай-ақ, көпшілік үшін алғашқы қадамды бастау да қиын болып көрінеді. Біз осыны ескере отырып, ең қажет деген мәліметтерді ғана қысқа да нұсқа түрде жинақтадық.

Бұл кітаптың ерекшелігі – жеңіл тілмен, суреттер және кестелер арқылы, сонымен қатар бейнематериалдарға сілтейтін QR-кодтармен толықтырылуында. Кез келген адам бұл кітапша арқылы намазды жеңіл түрде жылдам үйрене алады.

Бұл еңбек – намазға қадам басқысы келген әрбір мұсылман аға-бауыр, әпке-қарындастарымызға арналады.

Жәннаттың кілті болған ұлы ғибадат – бес уақыт намазды үйреніп, үзбей оқып жүруді Алла баршамызға нәсіп етсін!

Астана медресе колледжінің ұстазы

Олжабек Мурсали



1. Ниет, қолды білезікке дейін жуу

Дәрет алуға ниет етіп, қолымызды білезікке дейін 3 рет жуамыз.



2. Ауыз, мұрынды шаю

Оң қолмен 3 рет су алып, ауызды шаямыз. Кейін оң қолмен 3 рет мұрынға су жинап, сол қолмен тазалаймыз.



3. Бетті жуу

Бетті 3 рет жуамыз.

Маңдай, құлақ басталған тұс және иек астына дейін жуылады.



4. Екі қолды жуу

Бірінші оң қолды, кейін сол қолды
3 рет шынтақпен қоса жуамыз.



5. Басқа мәсіх тарту

Екі қолымызды сулап, 1 рет басымызға
мәсіх тартамыз.

Кейін сұқ саусақпен және бас бармақпен
құлақтың іші-сыртын сипап, қолдың
сыртымен мойынға мәсіх тартамыз.



6. Аяқты жуу

Бірінші оң аяқты, кейін сол аяқты 3 рет
тобықпен бірге жуамыз.





Тәкбір Тахрим



Қиям



Руқуғ



Сәжде



Оттырыс



Сәлем



Намаз уақыттары



Намаз кестесі

| Намаз | Алғашқы сүннет | Парыз | Соңғы сүннет | Үтір | Барлығы |
|--------|----------------|-------|--------------|------|---------|
| Таң | 2 | 2 | | | 4 |
| Бесін | 4 | 4 | 2 | | 10 |
| Екінті | | 4 | | | 4 |
| Ақшам | | 3 | 2 | | 5 |
| Құптан | | 4 | 2 | 3 | 9 |
| Жұма | 4 | 2 | 4 | | 10 |

1. Әғузу

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

Әғузу билләһи минәш-шәйтоонир-рожим

Мағынасы: [Алланың рахымынан] қуылған шайтанның жамандығынан Аллаға сыйынамын.

2. Фатиха сүресі

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ ① الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ ② الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ ③
 مَلِكِ يَوْمِ الدِّينِ ④ إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ ⑤ أَهْدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ ⑥
 صِرَاطَ الَّذِينَ أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ غَيْرِ الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ ⑦

1. Бисмилләһир рохмәәнир рохиим
2. Әлхәмду лилләһи роббил ғәәләмиин
3. Әррохмәәнир рохиим
4. Мәәлики йәумид диин
5. Ийәәкә нәьбуду уә ийәәкә нәстәьиин
6. Иһдинәс сирроотол мустәқиим
7. Сирроотол ләзиинә әнъәмтә ғәләйһим ғойрил мәғдууби ғәләйһим уәләд дооллиин

Мағынасы: 1. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. 2. Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббысы Аллаға тән. 3. Аса қамқор, ерекше мейірімді. 4. Қиямет күнінің иесі. 5. Саған ғана құлшылық қыламыз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз! 6. Бізді тура жолға сала көр! 7. Қаһарыңа ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес, Өзің нығметке бөлеген (ізгі құлдарыңның) жолына (сала көр)!

3. Рукуғ дұғасы

سُبْحَانَ رَبِّيَ الْعَظِيمِ

Субхәәнә роббиәл ғазыйм

Мағынасы: Ұлы Раббым кемшілік атаулыдан пәк!

1. Ықылас сүресі

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ ① اللَّهُ الصَّمَدُ ② لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ ③ وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ ④

Бисмилләһир рохмәәнир рохиим

1. Құл һууаллааһу әхәд
2. Аллааһус сомәд
3. Ләм йәлид уә ләм йууләд
4. Уә ләм йәкул ләһу куфу-уән әхәд

Мағынасы: 1. [Әй Мұхаммед ﷺ! Оларға] айт: Ол Алла – жалғыз.
2. Алла - еш нәрсеге мұқтаж емес. 3. Ол тумады да, туылмаған.
4. Әрі оған еш нәрсе тең келмейді.

2. Рукуғтан тұру дұғасы

سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ

Сәмиғаллааһу лимән хәмидәһ

Мағынасы: Алла өзін мадақтаған жанның мадағын естиді.

3. Рукуғтан тік тұрғаннан кейін

رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ

Роббәнәә уә ләкәл-хәмд

Мағынасы: Раббымыз, барша мадақ-мақтаулар саған лайық.

4. Сәжде дұғасы

سُبْحَانَ رَبِّيَ الْأَعْلَى

Субхәәнә роббиәл әлләә

Мағынасы: Ұлы Раббым кемшілік атаулыдан пәк!

1. ӘТ-ТӘХИЯТ ДҰҒАСЫ

التَّحِيَّاتُ لِلَّهِ وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ * السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ
وَبَرَكَاتُهُ * السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَىٰ عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ * أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ
وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ

1. Әт-тәхийәту лилләһи уәс-соләуәәту уәт-тоййбәәт
2. Әс-сәләәму ғәләйкә әйюһән-нәбию уә рохмәтуллааһи уә бәрәкәәтуһ
3. Әс-сәләәму ғәләйнәә уә ғәләә ғибәәдилләәһис-соолиһин
4. Әшһәду әлләә иләәһә илләллааһ, уә әшһәду әннә Мүхәммәдән ғәбдүһу уә росуулуһ

Мағынасы: 1. Барлық дұғалар, мадақтар, тәндік, дүниелік ғибадаттар Аллаға лайық. 2. Уа, Пайғамбар! Саған сәлем. Әрі саған Алланың рахымы мен берекеті жаусын! 3. [Уа, Раббымыз!] Сәлем бізге және Алланың салиқалы құлдарына болсын. 4. Мен Алладан өзге ешқандай құдай жоқ екеніне және Мұхаммед Алланың құлы әрі елшісі екеніне күәлік етемін!

📌 ЕСКЕРТУ!

Ертеңнен бастап бес уақыт намазға тұрамыз!

Таң намазының уақыты кірісімен, дәрет алып дайындаламыз. Жүзімізді құбылаға қаратып, әуелі азан шақырып, 2 ракағат сүннет, сосын қамат айтып, 2 ракағат парыз намазды оқимыз.

📌 **Азан мен қаматты тек ер адамдар ғана шақырады. Әйел адамдар намазды азан мен қамат айтпай оқиды.**

Азанның шақырылуы



اللَّهُ أَكْبَرُ اللَّهُ أَكْبَرُ * اللَّهُ أَكْبَرُ اللَّهُ أَكْبَرُ
 أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ * أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ
 أَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ * أَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ
 حَتَّى عَلَى الصَّلَاةِ حَتَّى عَلَى الصَّلَاةِ * حَتَّى عَلَى الصَّلَاةِ حَتَّى عَلَى الصَّلَاةِ
 الصَّلَاةِ خَيْرٌ مِنَ النَّوْمِ * الصَّلَاةِ خَيْرٌ مِنَ النَّوْمِ
 اللَّهُ أَكْبَرُ اللَّهُ أَكْبَرُ * لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ

| | |
|-------------------------------------|---------------------------|
| Аллааһу әкбар | (4 рет) |
| Әшһәдү әлләә иләәһә илләллааһ | (2 рет) |
| Әшһәдү әннә Мухәммәдәр-росуулуллааһ | (2 рет) |
| Хәййә ғәләс-соләәһ | (2 рет) |
| Хәййә ғәләл фәләәх | (2 рет) |
| Әссоләәту хойрум минән нәуум | (2 рет) тек таң намазында |
| Аллааһу әкбар | (2 рет) |
| Ләә иләәһә илләллааһ | (1 рет) |

Азаннан кейінгі дүға

اللَّهُمَّ رَبِّ هَذِهِ الدَّعْوَةِ التَّامَّةِ * وَالصَّلَاةِ الْقَائِمَةِ * آتِ مُحَمَّدًا الْوَسِيلَةَ
 وَالْفَضِيلَةَ * وَأَبْعَثْهُ مَقَامًا مَحْمُودًا الَّذِي وَعَدْتَهُ * وَأَرْزُقْنَا شَفَاعَتَهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ
 إِنَّكَ لَا تَخْلِفُ الْمِيعَادَ

Аллааһуммә роббә һәәзиһид-дәъуәтит-тәәммәһ. Уәс-соләәтил-қооимәһ. Әәти мухәммәдәнил-уәсииләтә уәл-фәдәйләһ. Уәбъәшһу мәқоомән мәхмуудәнил-ләзии уәъәттәһ. Уәрзүқнәә шәфәәътәһу йәумәл-қиямәһ. Иннәкә ләә тухлифул-мииғәәд.



1. Ниет:

Әуелі Құбылаға қарап, «**Таң намазының екі ракағат сүннетін оқуға ниет еттім**», - деп іштей айтады.



2. Тәкбір Тахрим:

👤 Ер адам екі алақанын құбылаға қаратып, бас бармағын құлақ жұмсағына тигізіп, **Аллаһу әкбар** деп тәкбір айтады.

👤 Әйел адам екі алақанын құбылаға қаратып, саусақ ұштарын иық тұсына дейін көтеріп, **Аллаһу әкбар** деп тәкбір айтады.



3. Қиям:

👦 Ер адам оң қолын сол қолының үстіне қойып, бас бармақ және кішкентай саусақпен сол қолының білегін байлап, кіндіктен сәл төмен тұста ұстайды.

👧 Әйел адам оң қолын сол қолының үстіне қойып, көкірек тұсында ұстайды. Саусақтарымен білегін байламайды.

Осыдан кейін төмендегі рет бойынша жалғастырып оқиды:

1. Сәнә дұғасы

2. Әғузу, Бисмилләһ

3. Фатиха сүресі*

4. Ықылас сүресі немесе білетін кез-келген сүре

Сәнә дұғасы

سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ * وَتَبَارَكَ اسْمُكَ * وَتَعَالَى جَدُّكَ * وَلَا إِلَهَ إِلَّا غَيْرُكَ

Субхәәнәкәллаһуммә уә бихәмдик, уә тәбәәроқәсмук,
уә тәъәләә жәддук, уә ләә иләәһә ғойрук

📌 *ЕСКЕРТУ: Фатиха сүресінен кейін іштей «әәмин» деп айтады. Сосын артынша бисмилләһты айтпастан Ықылас сүресін немесе кез-келген сүрені оқиды.





4. Рукуғ:

Кейін **Аллаһу әкбар** деп рукуғқа барады. Рукуғта:

Субхәәнә роббиәл ғазыйм деп 3 рет айтады.

👤 Ер адам саусақтарының арасын ашып, қолдарын тізесінің үстіне қояды. Бас пен арқа бір деңгейде болып, аяқты түзу ұстайды.

👤 Әйел адам саусақтарының арасын ашпастан тізесіне қояды, арқасы мен тізесін біраз бүгіп тұрады.



5. Рукуғтан тұру:

Кейін **Сәмиғаллаһу лимән хәмидәһ** деп рукуғтан тұрады.

Рукуғтан тік тұрғаннан кейін:

Роббәнә уә ләкәл-хәмд деп айтады.



6. Сәжде:

Кейін **Аллаһу әкбар** деп сәждеге барады. Сәждеге барарда ең алдымен тізе, кейін қол, одан кейін мандай мен мұрын жерге тиеді. Сәждеде:

Субхәәнә роббиәл әлләә деп 3 рет айтады.

👦 Ер адам сәждеде шынтақтарын ашып, жерге тигізбей ұстайды. Аяқ ұштарын құбылаға қаратады.

👧 Әйел адам шынтақтарын жерге тигізіп, қабырғасына жақын ұстайды. Аяқ ұштарын құбылаға қаратады.



7. Екі сәжде арасындағы отырыс:

Кейін **Аллаһу әкбар** деп тізерлеп отырады, сәл кідіріп, қайта тәкбір айтып сәждеге барады да, 3 рет сәжде дұғасын оқиды.

👦 Ер адам сол аяғын жайып, үстіне отырады. Оң аяғын тік ұстайды.

👧 Әйел адам екі аяғын оң жаққа жіберіп, жартылай жамбастап жерге отырады.

Кейін Аллаһу әкбар деп айтып, 2-ші ракағатқа тұрады.

Екінші ракағат:

Қиямға тұрғаннан кейін төмендегі рет бойынша жалғастырады:

1. Бисмилләһ

2. Фатиха сүресі

3. Ықылас сүресі немесе білетін кез-келген сүре

Кейін тура бірінші ракағаттағыдай **рукуғ** пен **сәждеге** барады.

Екінші сәждеден кейін соңғы отырысқа тізерлеп отырады:



Соңғы отырыста оқылады:

1. Әт-Тәхият дұғасы

2. Аллаһуммә солли*

3. Аллаһуммә бәәрик*

4. Роббәнәә дұғалары*

***ЕСКЕРТУ:** Соңғы үш дұғаны жаттағанға дейін, Әт-Тәхият дұғасын оқып, екі жаққа сәлем беріп намазыңызды аяқтай берсеңіз болады. **Алайда бұл дұғаларды жаттау міндетті!** Бұл дұғалар кітаптың 30-шы бетінде берілген.



Екі жаққа сәлем:

Соңғы отырыстағы дұғаларды оқып болғаннан кейін:

Әссәләәму ьәләйкум уә рохмәтуллааһ деп, алдымен оң жағына, содан кейін сол жағына сәлем беріп, **намазын аяқтайды.**

Екі жаққа сәлем бергеннен кейін, қол жайып төмендегі дұғаны оқиды:

Намаздан кейінгі дұға

أَسْتَغْفِرُ اللَّهَ * أَسْتَغْفِرُ اللَّهَ * أَسْتَغْفِرُ اللَّهَ

اللَّهُمَّ أَنْتَ السَّلَامُ * وَمِنْكَ السَّلَامُ * تَبَارَكْتَ يَا ذَا الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ

Әстәғфируллааһ (3 рет)

Аллааһуммә әнтәс-сәләәму уә минкәс-сәләәм

Тәбәәроктә йәә зәл-жәләәли уәл-икроом

Таң намазының 2 ракағат сүннетін оқығаннан кейін, ер адам қамат айтып, ал әйел адам қамат айтпастан, **таң намазының 2 ракағат парызын** бастайды.

Қаматтың айтылуы

| | |
|-------------------------------------|---------|
| Аллааһу әкбар | (4 рет) |
| Әшһәду әлләә иләәһә илләллааһ | (2 рет) |
| Әшһәду әннә Мухәммәдәр росуулуллааһ | (2 рет) |
| Хәййә ьәләс-соләәһ | (2 рет) |
| Хәййә ьәләл фәләәх | (2 рет) |
| Қод қоомәтис-соләәһ | (2 рет) |
| Аллааһу әкбар | (2 рет) |
| Ләә иләәһә илләллааһ | (1 рет) |

Таң намазының 2 ракағат парызы:

Таң намазының екі ракағат парызының оқылу тәртібі, тура екі ракағат сүннет намазы сияқты.

Тек «Таң намазының екі ракағат парызын оқуға ниет еттім»,
- деп іштей айтады.

Кейін қол көтеріп тәкбір алып, намазын оқиды.



Намазды толық парыз-сүннетімен оқып бітіргеннен кейін,
төмендегі зікірлерді айтады. Жаттағанға дейін қарап оқи беруге
болады.

Намаздан кейінгі зікірлер:

سُبْحَانَ اللَّهِ وَالْحَمْدُ لِلَّهِ وَلَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَاللَّهُ أَكْبَرُ

وَلَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ الْعَلِيِّ الْعَظِيمِ

Субхәәнәллааһи уәл-хәмду лилләәһи уә ләә иләәһә илләллааһу
уәллааһу әкбар

Уә ләә хәулә уә ләә қуәтә илләә билләәһил-ъәлийл-ъазыйм

Аят Әл-Күрси

Әғузу билләһи минәш-шәйтоонир-рожиим

Бисмилләһир рохмәнир рохиим

1. Аллаһу ләә иләәһә илләә һууәл-хәййул-қоййуум

2. Ләә тә'хузуһу синәту-уәләә нәуум

3. Ләһуу мәә фис-сәмәуәәти уә мәә фил-ард

4. Мән зәл-ләзи иәшфәу ьиндәһуу илләә би изниһ

5. Йәъләму мәә бәйнә әйдиһим уә мәә холфәһум

6. Уә ләә йухиитуунә бишәй-иммин ьилмиһии илләә бимәә шәә'

7. Уәсиъә курсийһус-сәмәуәәти уәл-ард

8. Уә ләә йә-уудһуу хифзуһумәә уә һууәл-ъәлийул-ъазыйм

Зікір

سُبْحَانَ اللَّهِ * الْحَمْدُ لِلَّهِ * اللَّهُ أَكْبَرُ

Субхәәнәллаһ (33 рет)

Әлхәмду лилләәһ (33 рет)

Аллаһу әкбар (33 рет)


Дүға

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ * لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ * وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ

Ләә иләәһә илләллаһу уәхдәһуу ләә шәриикә ләһ, ләһул-мулку

уә ләһул-хамд, уә һууә ьәләә кулли шәй-ин қодиир

Кейін қол жайып, өзіңіз қалаған дүғаны айтасыз.

 Осымен таң намазы толық аяқталды.

Таң намазының 2 ракағат сүннеті



Таң намазының 2 ракағат парызы



11-19 беттердегі түсіндірме бойынша және жоғарыдағы кестеге қарап қалған намаздарды оқи бересіз.

Бесін намазының 4 ракағат сүннеті



Дәрет алып, азан шақырып, бесін намазының алғашқы 4 ракағат сүннетін оқимыз. Оқылатын сүре, дұға және қимылдар тура таң намазы сияқты.

📍 Тек 1-ші отырыста* Әт-Тәхият дұғасын оқып, қиямға тұрамыз.

3 пен 4-ші ракағаттың қиямында төмендегі рет бойынша оқимыз:

1. Бисмилләһ, 2. Фатиха сүресі, 3. Білетін кез-келген сүре.

Соңғы отырыста: **Әт-Тәхият, Аллаһуммә солли, Аллаһуммә бәәрик, Роббәнәә** дұғалары оқылады. (16-шы бетке қараңыз)



Бесін намазының 4 ракағат парызы



Бесін намазының алғашқы сүннетін оқығаннан кейін **қамат** айтып, **бесін намазының 4 ракағат парызын** оқимыз. Парыздың оқылуы тура 4 ракағат сүннет сияқты.

📍 Тек 3 пен 4-ші ракағатта фатиха сүресінен кейін қосымша сүре оқымай, бірден руқұғқа барамыз.

Бесін намазының 2 ракағат сүннеті



Бесін намазының соңғы 2 ракағат сүннеті тура таң намазының сүннеті сияқты оқылады.

Бесін намазы толық оқылғаннан кейін 18–19 беттегі **намаздан кейінгі зікірлер** айтылады.

✓ Осылайша бесін намазы аяқталады.

Екінті намазының 4 ракағат парызы



Дәрет алып, азан шақырып, кейін **қамат** айтып **екінті намазының 4 ракағат парызын** оқимыз. Оқылуы тура бесін намазының парызы сияқты.



Екінті намазы толық оқылғаннан кейін 18–19 беттегі **намаздан кейінгі зікірлер** айтылады.

✔ Осылайша екінті намазы аяқталады.

Ақшам намазының 3 рақағат парызы



Дәрет алып, азан шақырып, кейін **қамат** айтып **ақшам намазының 3 рақағат парызын** оқымыз. Оқылатын сүре, дұға және қимылдар тура жоғарыдағы намаздар сияқты.

📍 Тек 3-ші рақағатта фатиха сүресінен кейін қосымша сүре оқымай, бірден руқуғқа барамыз.



Ақшам намазының 2 ракағат сүннеті



Ақшам намазының соңғы 2 ракағат сүннеті тура таң намазының сүннеті сияқты оқылады.

Ақшам намазы толық оқылғаннан кейін 18–19 беттегі **намаздан кейінгі зікірлер** айтылады.

Осылайша ақшам намазы аяқталады.

Құптан намазының 4 ракағат парызы



Дәрет алып, азан шақырып, кейін қамат айтып құптан намазының 4 ракағат парызын оқимыз. Оқылуы тура бесін, екінті намаздарының парызы секілді.

Артынша құптан намазының 2 ракағат сүннеті оқылады. Оқылуы тура таң намазының сүннеті сияқты.

Сүннеттен кейін 3 ракағат үтір намазы оқылады.



Құптан намазының 2 ракағат сүннеті



3 ракағат үгір намазы



Үтір намазында оқылатын сүре, дұға және қимылдар тура жоғарыдағы намаздар сияқты.

📌 Тек 3-ші ракағаттың қиямында Фатиха сүресін және қосымша сүрені оқығаннан кейін, руқуғқа бармай тұрып, әуелі қол көтеріп тәкбір алып, қолды қайта байлап **құныт дұғасын** оқимыз.

ЕСКЕРТУ: Құныт дұғасын жаттағанға дейін осы дұғаны оқи бересіз: **Роббэнээ әэтинээ фид-дуниээ хэсэнәһ, уә фил-әэхироти хэсэнәһ, уә қинээ ьэзээбән-нээр**

Құптан намазы толық оқылғаннан кейін 18-19 беттегі **намаздан кейінгі зікірлер** айтылады.

✅ Осылайша құптан намазы аяқталады.

Құныт дұғасы

اَللّٰهُمَّ اِنَّا نَسْتَعِيْنُكَ وَنَسْتَغْفِرُكَ وَنُؤْمِنُ بِكَ وَنَتَوَكَّلُ عَلَيْكَ وَنُثْنِيْ عَلَيْكَ اَلْحَمْدَ
 نَشْكُرُكَ وَلَا نَكْفُرُكَ وَنَخْلَعُ وَنَتْرُكُ مَنْ يَفْجُرُكَ
 اَللّٰهُمَّ اِيَّاكَ نَعْبُدُ وَلَكَ نُصَلِّيْ وَنَسْجُدُ وَاِلَيْكَ نَسْعٰى وَنَحْفِدُ نَرْجُو رَحْمَتَكَ
 وَنَخْشٰى عَذَابَكَ اِنَّ عَذَابَكَ بِالْكَفّٰرِ مُلْحِقٌ

- Аллаһуммә иннә нәстәъйинукә уә нәстәғфирукә, уә ну'мину бикә нәтәуәккәлу ьәләйк, уә нуснии ьәләйкәл-хойро нәшкурук, уә ләә нәкфурук, уә нәхләуә уә нәтруку мән иәфжурук
- Аллаһуммә ийәәкә нәьбуду уә ләкә нусоллии уә нәсжуд, уә иләйкә нәсьәә уә нәхфид, нәржуу рохмәтәкә уә нәхшәә ьэзәәбәк, иннә ьэзәәбәкә бил-куффәри мулхик

Аллаһуммә солли

اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ
إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ

**Аллаһуммә солли ʔэләә Мухәммәдин уә ʔэләә әәли Мухәммәд
Кәмәә солләйтә ʔэләә Иброоһиимә уә ʔэләә әәли Иброоһиим
Иннәкә хәмиидун мәжиид**

Мағынасы: Аллаһым! Ибраһимге және Ибраһимнің жанұясына салауат еткенің сияқты, Мұхаммедке және оның жанұясына салауат ет. Расында, Сен – мақтауға лайықсың әрі даңқың ұлы.

Аллаһуммә бәәрик

اللَّهُمَّ بَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا بَارَكْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ
إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ

**Аллаһуммә бәәрик ʔэләә Мухәммәдин уә ʔэләә әәли Мухәммәд
Кәмәә бәәроктә ʔэләә Иброоһиимә уә ʔэләә әәли Иброоһиим
Иннәкә хәмиидун мәжиид**

Роббәнәә дұғалары

رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِي الْآخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ
رَبَّنَا اغْفِرْ لِي وَلِوَالِدَيَّ وَلِلْمُؤْمِنِينَ يَوْمَ يَقُومُ الْحِسَابُ

1. Роббәнәә әәтинәә фид-дуниәә хәсәнәһ, уә фил-әәхироти хәсәнәһ, уә қинәә ʔәзәәбән-нәәр. 2. Роббәнәәғфир лии уә лиуәәлидәийә уә лил-му'миниинә йәумә йәқуумул-хисәәб

Мағынасы: 1. Раббымыз! Бізге дүниеде де жақсылық бер әрі ахиретте де жақсылық бер. Және тозақ отының азабынан сақта!
2. Раббымыз! (Алдыңда тұрып) есеп беретін күні мені, ата-анамды және күллі мүміндерді кешіре көр!

Жамағатпен намаз оқудың артықшылығы

Жер бетіндегі ең таза жер - ол мешіттер. Мешітке жиі келу арқылы адам иманын қуаттап отырады. Сондықтан мұсылман адам мешітке мүмкіндігі барынша күнделікті келіп тұрғаны абзал.

Мешітке келген әр қадамына сауап жазылып, күнәсі кешіріледі. Жамағатпен намаз оқудың сауабы туралы Пайғамбарымыз ﷺ: «**Жамағат намазы жеке кісінің намазынан жиырма жеті есе артық**», - деп жамағат намазының артықшылығын айтқан.

Әрине, әр намазды мешітке келіп жамағатпен оқыған жақсы. Алайда, мешітке келе алмаған жағдайда үйде отбасы немесе жұмыс орында әріптестермен жамағат болып оқыса, хадисте айтылған 27 есе жамағат намазының сауабын алады. Жамағатпен намаз оқу - ер адамдарға сүннет амал.

Жамағатпен парыз намазды оқудың үлгісі

Азаншы азан шықырып, қамат айтқаннан кейін, **оқылатын намазға және имамға үюға** ниет етеміз. Мысалы: "Алла разылығы үшін таң намазының парызын оқуға ниет еттім, имамға ұйыдым" дейміз. Содан кейін имам тәкбір алысымен, біз де тәкбір алып, іштей Субхәәнәкә дұғасын оқимыз және имамның бүкіл әрекеттерін артынша қайталап отырамыз.

Имамға ұйыған жамағат барлық тәкбір мен дұғаларды іштей оқиды. Тек фатиха мен қосымша сүрелерді оқымай, имамды тыңдап тұрады.

Әйел адамдар бүкіл намазды өзі еститіндей етіп іштей оқиды. Ер адамдар таң, ақшам, құптан намаздарын жеке оқыған кезде қаласа дауыстап, қаласа іштей оқиды. Ал имам болған адам, бұл намаздарды дауыстап оқиды. Бесін, екінті намаздары іштей оқылады.

Жұма намазының оқылу үлгісі

Жұма - мұсылмандар үшін қасиетті күн. Бұл күні ер адамдар ғұсылын алып, таза киініп, әтір себініп мешітке келеді. Жұма намазын үзірсіз, себепсіз оқымау күнә болып саналады.

Жұма намазына азан айтылғаннан кейін әуелі 4 ракағат сүннетті оқиды. Сосын имам хұтба оқу үшін мінберге шығады. Міне осы уақытта имам хұтбаны бастап аяқтағанға дейін сөйлеуге, біреуге сәлем беріп, сәлем алуға, артық іс-қимыл жасауға болмайды. Тек имамды тындап отыру шарт.

Имам хұтбаны аяқтағаннан кейін, қамат түсіреді. Осыдан кейін **имаммен бірге 2 ракағат жұма намазының парызы** оқылады. Парыз біткен соң тағы да 4 ракағат сүннет намазы оқылады. Сосын жамағат болып намаздан кейінгі зікірлер айтылып, дұға жасалып, жұма намазы аяқталады.

Ғұсыл

Денеді құрғақ жер қалдырмастан түгел жуыну, яғни шомылу - ғұсыл деп аталады. Ғұсыл алғанда мұрын мен ауызды да шаю парыз. **Жүніп кезінде немесе әйелдерде кездесетін хайыз бен нифас жағдайларында ғұсыл алу - парыз.** Ғұсыл алғаннан кейін қайта дәрет алу керек емес.

Тәяммум

Дәрет немесе ғұсыл алу үшін су болмаған жағдайда, тәяммум соғып намаз оқи беруге болады.

Жеңін түріп, тәяммум алуға ниет етіп, таза топыраққа немесе топырақ жынысты нәрсеге екі қолын ұрып, бетін толықтай сипайды. Содан кейін қолын қайта топыраққа ұрып, сол қолдың ішімен оң қолын шынтақпен қоса, кейін оң қолдың ішімен сол қолын шынтақпен қоса сипайды.

Дәретті бұзатын жағдайлар:

- Үлкен немесе кіші дәретке бару;
- Жел шығару;
- Дененің кез келген жерінен қан немесе ірің шығып, айналасына жайылып ағуы;
- Түкірігінің жартысына немесе көп бөлігіне қан араласуы;
- Ауызы толып құсу;
- Намазда жанындағы адам еститіндей етіп күлу, намазбен қоса дәретті де бұзады;
- Талып қалу;
- Ұйықтау.

Тәяммумды бұзатын жағдайлар:

- Дәрет пен ғұсылды бұзатын жағдайлар тәяммумды да бұзады;
- Дәрет немесе ғұсыл алуға жеткілікті судың табылуы.

Намаз оқып тұрған адам сөйлеуге, сәлем беріп, сәлем алуға, нәжіс жерде тұрып намаз оқуға, кеудесін құбыладан басқа жаққа бұруға болмайды.

«Бесінші тілек тілеңіз, бес уақытты бес намаз, біреуі қаза қалмасқа»

Бұқар Жырау

* * *

الحمد لله رب العالمين
وصلی الله علی سیدنا محمد وعلی آله وصحبه أجمعین

Біздің кітаптар

ОЛЖАБЕК МУРСАЛИ



10 КҮНДЕ ҚҰРАН ҮЙРЕН

МУҒАЛІМ СӘНИ | ВИДЕО САБАҒЫМЕН



Кітаптарға тапсырыс беру: +7 (775) 929 1817

Біздің кітаптар

ОЛЖАБЕК МУРСАЛИ



7 КҮНДЕ ТӘЖУИД ҮЙРЕН

ТӘЖУИД ЕРЕЖЕЛЕРІ | ВИДЕО САБАҒЫМЕН



Кітаптарға тапсырыс беру: +7 (775) 929 1817

БЕС НАМАЗДЫ 5 КҮНДЕ ҮЙРЕН

Таралымы 2000 дана



Дайындаған:
Олжабек Мурсали



Мұқаба дизайны:
Байғунус Илияс



Дайындаған:
**Бейсекей
Абир Қарабайұлы**



Видео және сурет:
**Ақжігіт
Берік Жексенбіұлы**

Құрметті оқырман!

Кітаптың мазмұнына қатысты туындаған сұрақтарыңыз бойынша және өз нәтижелеріңіз бен пікірлеріңізді

Instagram парақшама жазуды ұмытпаңыз!

[@ustaz_olzhabek_mursali](https://www.instagram.com/ustaz_olzhabek_mursali)

Кітаптарға тапсырыс беру: +7 (775) 929 1817